

**Қыпшақ хандығының құрылуы,  
дамуы ыдырау себептері (XI -XIII  
ғасырдың басы)**



## *Жоспары:*

1. Қыпшақ хандығының құрылуы мен этникалық құрамы
2. Хандықтың қоғамдық құрылысы мен саяси жағдайы
3. Қыпшақ хандығының шаруашылығы және хандықтың ыдырау себептері

# **Қыпшақ хандығының құрылуы мен этникалық құрамы**



## Қыпшақ хандығының құрылуы

шамамен 11 – 13-ғасырларда қазіргі қазақ жерінде өмір сүрген мемлекеттік бірлестік. Қимақ(кимек) қағандығы ыдырағаннан кейін әскери-саяси билік қыпшақ ақсүйектерінің қолына көшті. Олар 11-ғасырдың 2-ширегінен бастап Арал мен Каспий өңірлерін жайлаған оғыз тайпаларын ығыстырды. “Оғыздар даласының” (Мафадат әл-ғұз) орнына Дешті Қыпшақ атауы орнықты.

Батыс –сары қыпшақ



Половецтер даласы (Ресей)


Шығыс-қара қыпшақ



Қазақстан жері



# Қыпшақ хандығының XI -XIII ғасырдың басындағы жер аумағы



# Көшіп қонған жерлері




# Қыпшақ хандығының этникалық құрамы VII-VIII ғасырларда қалыптасқан



# Қыпшақ мемлекетінің қоғамдық құрылысы

## Әскери басқару жүйесі

<i>Орда</i>	
<i>Оң қанат</i>	<i>Сол қанат</i>
<i>Орталығы: Сарайшық</i>	<i>Орталығы: Сығанақ</i>







# Қағанаттың саяси жағдайы

## Сауда байланыстары

- Русь
- Византия
- Венгрия (XI)

## Соғыс жорықтары

1065 жылы селжүк билеушісі Алып Арслан Маңғыстауды шабуылдап, қыпшақтардың бір бөлігін бағындырды.

1069 жылы қыпшақтар Хорезмді шабуылдады.

1133 жылы Атсыз Дешті Қыпшақты шабуылдады.


XIII ғасырдың басында Хорезм билеушісі Мұхаммед Сығанақты бағындырды.

Хорезмдіктер мен қыпшақтардың ұзаққа созылған соғысы

1216 жылы Торғай даласына монғолдардың алғаш рет келуіне байланысты тоқтатылды.

- **Қыпшақтар XI ғасырдан бастап Қазақстанның Жетісудан басқа жерлерінің барлығына ие бола бастады.**
- **Қыпшақтардың бөгде аттары :**
- **Орыс деркелетерінде «Половшылар» (далалықтар) деп аталған.**
- **Венгр деректерінде «Кундар» (командар ) деп аталған.**
- **Қыпшақтар Хорезм елімен қатынасты жақсартуға мүдделі болды.**
- **Алайда, Хорезм Шахы қыпшақтардың күшеюінен және олардың өз шекараларына жақындауынан қауіптенді.**
- **Қыпшақтар өз іштеріндегі алауыздықтың кесірінен Хорезм елімен болған шайқастарда жеңіліп қалып отырды.**
- **Екі мемлекеттің арасындағы бәсекелестік монғол шапқыншылығынан кейін біржола тынды.**

**Қыпшақ хандығы құлағанымен оның халқы мүлдем жойылып кеткен жоқ.**



# Қыпшақ мемлекетінің шаруашылығы мен кәсібі

## Негізгі шаруашылығы

Мал шаруашылығы

Төрт түлік

Егіншілік

Күріш, тары, бидай

## Кәсібі

Балық аулау

## Тұрмыстық кәсіп

Қолөнер,

зергерлік

## Аңшылық кәсіп

Арқар, тауешкі,  
ақбөкен, бұғы, құлан  
аулады.

**Ата-баба  
аруағына**

**Жұлдыздарға  
ай; күнге**

**Табиғаттан  
тыс  
күштерге**



**Діни сенім нанымдар**


## • *Қоғамы өркениетінің өзіндік ерекшелігі.*

- Қыпшақ көшпелі қоғамы өркениетінің өзіндік ерекшелігі — оларда байланыс желісінің өте жетілдірілгендігі болып табылады. Қыпшақтар елінде қолданылған коммуникациялық байланыстар жүйесі сол кездің «техникалық» прогресінің ең жоғарғы талаптарына сай келетін. Осыған байланысты XI—XIII ғасырдың басындағы қыпшақтардың этникалық аумағының кең-байтақ кеңістігі олардың қоғамының коммуникациялық мүмкіндіктеріне сәйкес болғанын атап өту жеткілікті.

# Деректер

- XII ғасырда қыпшақ жерін басып өткен еврей саяхатшысы Петахья өз жазбаларында «қыпшақтардың тары мен күріш өсіретіндегін жазған».
- Қыпшақ хандығында құлдықтың болғандығын қыпшақ тілінде “Яланкуг” деп құлды атағанын М.Қашқари жазған.
- В.Рубрук шөлдеп келе жатқанда сиыр сүтінен жасалған қышқыл сусын бергенін, оны айран деп атағанын айтқан.
- Ибн Баттуда- ол малдың көптігіне таң қалғаны соншалықты мұндай мал ешбір елде жоқ деп жазған.

- **Кодекс Куманикус** (лат.*Codex Cumanicus*), **«Қыпшақ тілінің сөздігі»** – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап (латын әліпбиінде қалыптасқан қысқаша атауы – СС), 82 парақтан (164 бет) құралған қолжазба.
- Бірінші бетінде «1303» деген жазу бар. Еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз. Түркітану ғылымындағы жаңа деректер бойынша, бұл еңбек түпнұсқасы 1294 жылы жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалған, ол 1330 жылы толығымен көшіріліп біткен (Л.Лигети). «Кодекс Куманикус» Дешті қыпшақта немесе Қырымда(Солхат қаласында) жинастырылып, бір ізге түсірілген. Осы өңірді қоныстанған қыпшақтарды Батыс Еуропа жұртшылығы кумандар деп атаған. 1303 жылы «Кодекс Куманикус» түпнұсқадан Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласының жанындағы Жан әулиенің ғибадатханасында көшірілген. «Кодекс Куманикус» готикалық көне әрпімен жазылған. Екі бөлімнен тұрады.






## **Бірінші бөлімі**



**(1–10 б.) – үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша-куманша сөздік.**

**Қалған жартысындағы сөздер лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған. Мысалы, адамның дене мүшелерінің аттары, егіншілікке байланысты сөздер, т.б.**

## **Екінші бөлімі**



**(111–164 б.) – діни уағыздар. Осы бөлімдегі мәтіндер мен жұмбақтарды көрнекті неміс түркітанушысы А. фон Габен «кумандар әдебиетінің үлгісі» деп таниды. Көптеген қыпшақ сөздері көне неміс тіліне, кейде латын тіліне де аударылып берілген. Жеке сөйлемдер мен сөз тізбектері, жеке сөз тізімдері мен аудармасыз берілген жұмбақтар, қыпшақ тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі де бар**

# Қыпшақ мемлекетінің ыдырау себептері

- Хорезмдіктердің шабуылы
- Монғол шапқыншылығы
- Хорезмдіктер мен қыпшақтардың ұзаққа созылған соғысы 1216 жылы Торғай даласына монғолдардың алғаш рет келуіне байланысты тоқтатылды.
- Монғолдар қыпшақтарды жаулап өзіне бағындырды.

## Құлауы

**1219 жылы монғол шапқыншылығынан  
Қыпшақ мемлекеті құлады**

# Қыпшақ хандығы 1219 жылы монғол шапқыншылығына нәтижесінде құлайды

